



Астана ЭКСПО көрмесіндегі Жапон павильоны өз жұмысын тәмамдады.

93 күн бойы Жапон павильонына 730000 қонақ келді

Жапон павильоны «Smart Mix with Technology» тақырыбымен, Жапонияның жоғары технологиялық қуаты туралы айтуға шақырған және оның әлемдік проблемаларды шешуге үлес қосуға тырысуы Астана ЭКСПО 2017 Халықаралық көрмесінде (бұдан әрі – Астана ЭКСПО) 93 күн жұмыс істеген соң 10 қыркүйек күні өз жұмысын сәтті аяқтады. Жапон павильонын тамашалаушылардың жалпы саны негізінен Қазақстанның жергілікті тұрғындары, сондай-ақ, шетелдіктердің де үлкен қызығушылығын тудыра отырып, 730000 адамға жетті. Сондай-ақ, көрме өткізілген уақыт ішінде 2025 жылы ЭКСПО көрмесін өткізу алаңы ретінде Осака қаласын ұсыну үшін PR-науқандар өткізілді.



Павильонның соңғы қонақтарын шығарып салу



Көрменің аяқталуы бойынша Жапония Павильонының қызметкерлерін тарату

2017 жылғы 9 қыркүйек күні 16:45-те бүкіл қызметкерлерден соңғы қонақтарға қоштасу сәлемі жасалып, павильонның 93 күндік жұмысы аяқталды.

Павильон Комиссары Накамура Томиясу: «Мен Жапонияның жоғары технологиялық әлеуеті мен жаһандық проблемаларды шешуге қосқан үлесі туралы бүкіл әлемнің көптеген келушілерге жеткізуге мүмкіндік берген көрменің үш айлық жұмысын сәтті аяқтап отырғанымызға қуаныштымын. Сондай-ақ, біз бүкіл әлемнің адамдарына тек үздік технологиямен ғана емес, экологияға ұқыпты қарайтын жапон халқының жан-дүниесімен де, жапондық табиғат және мәдениетпен де танысу үшін қызығушылық тудырады деп үміттенеміз. Көрменің барлық қатысушыларына шын жүректен алғыс білдіремін!» деп ағынан жарылды.

ЭКСПО өткізілген уақытта Жапон павильонын тамашалаушылар саны 726,825 адамға жеткен (бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін 464 қосқанда барлығы 727,289 адам), Астана ЭКСПО-ға келген 4 миллион адамның (10 қыркүйек күні Астана ЭКСПО Ұлттық компаниясы жариялаған дерек бойынша) жалпы санынан 5.5 адамның 1-і Жапония Павильонын тамашалаған.

Көрмеге келушілер Жапония ежелден энергетикалық проблемаларды шешу үшін жан-жақты күш жұмсағандығын білгендіктерін, Қазақстанның Жапониядан алар тәлімі көп екендігін алға тартты. Көпшілік қауым стендшілер өте сыпайы болғандықтан, біз жапондықтардың қонақжайлылығын сезіндік дейді. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары негізінен орыс тілін қолданған өзге павильондармен салыстырғанда, Жапон павильонының контенті толықтай қазақ тілінде болғандығына, ал стендшілердің әр келушіге өте сыпайы екендігіне өте жоғары баға берді.

Келесі Халықаралық ЭКСПО көрмесі 2020 жылы Дубай қаласында (БАӘ) «Жүректерді біріктіріп, болашақты жасаймыз» тақырыбымен өткізілетін болады. Аталған ЭКСПО көрмесінде Жапон павильонын дайындау үшін бірінші деңгейлі министрлік Жапония Экономика, өнеркәсіп және сауда министрлігі, ал екінші деңгейлі министрлік Қоғамдық басқару министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Ауыл шаруашылығы, орман және сулы алқап министрлігі, ал атқарушы орган және ресми қатысушы Сыртқы сауданы дамыту бойынша Жапон Ұйымы (JETRO) болып табылады деп күтілуде.